

Мүгедектерді жұмысқа қабылдау және жұмыспен қамту үшін жұмыс орындарын ашу жөнінде ауданның кәсіпорындары-жұмыс берушілеріне квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 6 ақпандағы N 36 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 27 ақпанда N 13-8-57 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 5 сәуірдегі N 108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 05.04.2013 N 108 қаулысымен

Мүгедектерді жұмыспен қамту мақсатында, Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39-ІІІ «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы 31-бабының 1-тармағын және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы 149-ІІ «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы 5-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүгедектерді жұмысқа қабылдау үшін жұмыс орындарын жөнінде кәсіпорындар-жұмыс беруші кәсіпорындарға мүгедектерді жұмысқа қабылдауға қосымшаға сәйкес квота белгіленсін.

2. Жұмыс орындарының жалпы санынан 3 пайыздық квотаны қамтамасыз етпеген және осы қаулы қосымшасының тізбесіне енгізілген жұмыс беруші кәсіпорындар «Қызылжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» жіберген мүгедектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г. Бүйрекбаевке жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Аудан әкімі

Е. Мәмбетов

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 8 жылғы

6

а қ п а н д а ғ ы

№

3 6

қаулысына қосымша

--	--	--	--	--	--

№ р/с	Селолық округ	Кәсіпорындардың атауы	Кәсіпорын- дағы жұмыс істейтін- дердің саны	Мүгедек- терді қабылдауға квота
1	Рощинский	«Рощинский село- лық округі әкімінің аппараты» ММ	6	1
2	Лесной	«Лесной» ЖШС	80	3
3	Новоникольск	«Зенченко и К» КС	650	2
4	Қызылжар	«Сервис-Жарс» ЖШС	45	1
6	Петерфельд	«Кондратовский ОПЛ» ЖШС	80	2
7		«Кондратовка орта мектебі» ММ	30	1
8	Якорь	«Якорь-СК» ЖШС	80	1
		«Атай-СК» ЖШС	45	1
	Барлығы			12

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК